Автор: Мырзағали Перизат Сәкенқызы
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 6-сынып
Бөлім: Астана – мәдениет пен өнер ордасы
Тақырып: : Тарихи тұлғалар өмірі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.Т/А2 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, өмірбаян) көтерілген мәселені талдау; 6.Ж2 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, өмірбаян құрастырып жазу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, өмірбаян) көтерілген мәселені талдайды,жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, өмірбаян құрастырып жаза алады. Оқушылардың көпшілігі: тақырып бойынша қосымша мәліметтер келтіре алады. Кейбір оқушылар: тақырып бойынша қосымша мәліметтер келтіре отырып, бүгінгі өмірмен байланыстыра алады.
Тілдік мақсаттар:	Негізгі сөздер мен тіркестер:тарихи тұлғалар өмірі, табу Талқылауға арналған сұрақтар: Тарихи тұлғалардың өмірі несімен қызықтырады? «Өшпестей із қалдырған» дегенді қалай түсінесің?Ұлылықтың мәні не деп ойлайсың?Отанды сүю деген не?Туған елге пайда әкелу дегенді қалай түсінесің?
Күтілетін нәтиже:	сабақты толық түсінеді
Бағалау критерийлері:	1.әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, өмірбаян) көтерілген мәселені талдай алады. 2. жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, өмірбаян құрастырып жаза алады.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік Ел» идеясының:тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы құндылығы.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	видеоролик
Пәнаралық байланыс:	Қазақстан тарихы (Алаш қозғалысы), география
Бастапқы білім:	Тарихи тұлғалар өмірі жайлы түсініктері бар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (10 минут)	Тренинг «Құпия дос» бағалау парағы Үй тапсырмасы: «Тарихи тұлғалар өмірі – бізге үлгі» ҚБ-мадақтау арқылы (жарайсың, керемет) Ойқозғау1.Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп – дамиды, жеміс береді. - Не түсіндік? - М. Шоқай туралы не білесіңдер? Бейнеролик қарау	
Сабақтың ортасы (20 минут)	Жұптық жұмыс 9-тапсырма.Мәтінді оқу. «Интервью»әдісі Деңгейлік тапсырма 7 мин 1.Өзің қалаған табу сөзді қатыстырып сөз тіркесін құра 2.Өзің қалаған табу сөздерді қатыстырып сөйлем құра 3.Өзің қалаған табу сөздерді қатыстырып шағын мәтін жаз Ұжымдық жұмыс «Сәйкестендіру» Ұлыма, ұзын, жасыл, шебер шешей, шырайлым, төре жігіт.	
Сабақтың соңы (5 минут)	бекіту тапсырмасы	
Рефлексия (5 минут)	Кері байланыс Үй тапсырмасы: 8-тапсырма	